1. Төлеуге жататын мемлекеттік баж [мәтін]
2. Мемлекеттік бажды төлеуден босатуға негіздер [сөздік құрамы]
3. Төленген мемлекеттік баждың сомасы [мәтін]
4. Сот анықтаған мемлекеттік бажды қосымша төлеу [мәтін]
5. Мемлекеттік бажды төлеуді кейінге қалдыру [мәтін]
6. Сот шешімі бойынша бюджетке өндіріп алынған мемлекеттік баж [мәтін]
7. Бюджеттен қайтарылуға жататын мемлекеттік баждың сомасы [мәтін]
8. Мемлекеттік бажды қайтару туралы ұйғарымның күні [мәтін]
9. Төлеусіз қабылданған мемлекеттік баждың сомасы [мәтін]
10. Прокурордың талап қоюы бойынша төлеусіз қабылданғаны [мәтін]

11. Мемлекеттің мүддесінде прокурордың талап қоюы бойынша төлеусіз қабылданғаны [мәтін]

12. Сот ұйғарған сот шығындарының сомасы [мәтін]

13. Төленген сот шығындары [мәтін]

3-бөлім. Тараптар

1. Түрі [сөздік құрамы]
2. ЖСН/БСН [мәтін]
3. Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) /Атауы [мәтін]

4-бөлім. Іс жүргізудің динамикасы туралы мәлімет (танысу)

1. Сұхбат күні [күні]
2. Осы сәтте істі қарастыратын судьяның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) [мәтін]
3. Шағым бойынша іс жүргізуді тоқтату күні (наразылық) [күні]
4. Қараусыз қайтарылған күні [күні]
5. Қайтарудың себебі [мәтін]
6. Барлығы кассациялық кері қайтарылды [сөздік құрамы]
7. Шағымды, наразылықты қайтарып алу күні [күні]
8. Қайтарылған күні [күні]
9. Істі талап ету күні [күні]
10. Талап етілген күндер бойынша еске салулар күні [күні]
11. Істің келіп түскен күні [күні]
12. Тоқтату күні [күні]
13. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс жүргізуді жаңарту және қаулыны жою туралы ұйғарымның күні [күні]
14. Жоғары тұрған сатыда күші жойылды [ия, жоқ]
15. Шағымға, наразылыққа жауап алынған күн (АПК 446-б.) [күні]
16. № ... іспен біріктірілді [мәтін]
17. Біріктірілген күні [күні]
18. Негізгі іс болып табылады [ия, жоқ]
19. Түсіндірме [мәтін]

5-бөлім. Соттың отырысы

1. Сот отырысының күні [күні]
2. Төрағалық етуші судья [мәтін]
3. Сот отырысының хатшысы [мәтін]
4. Аудио-, бейнетіркеу [ия, жоқ]
5. Отырыс кейінге қалдырылды [ия, жоқ]

6. Түсіндірме [мәтін]

6-бөлім. Өндіріс динамикасы туралы мәліметтер (қарау)

1. Қаулының жарияланған күні [күні]
2. 1-ші сатыдағы сот шешімін қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]
3. 1-ші сатыдағы соттың ұйғарымын қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]
4. Апелляциялық сатыдағы шешімді қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]
5. Апелляциялық сатының қаулысын қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]
6. Сот [бойынша жаңа шешім шығарылды [сөздік құрамы]
7. Өтініш бойынша шешім [сөздік құрамы]
8. Кассациялық шағым бойынша шешім [сөздік құрамы]
9. Наразылық шешімі [сөздік құрамы]
10. Кассациялық қарауды тоқтату туралы қаулы шығарылды [иә, жоқ]
11. 1-ші, апелляциялық сатыдағы соттардың шешімі (ұйғарымы), қаулысы [сөздік құрамынан] жойылды (өзгертілді)
12. 1-ші, апелляциялық сатыдағы сот шешімінің (ұйғарымының), қаулысының күшін жоюға немесе өзгертуге негіздеме [сөздік құрамы]
13. Кассацияның алдыңғы қаулысын қарау нәтижесі [сөздік құрамы]
14. 1-ші сатыдағы судьяның өрескел бұзушылықтары [иә, жоқ]
15. Апелляциялық судьяның өрескел бұзушылықтары [иә, жоқ]
16. Қарар бөлімі [мәтін]
17. Прокурордың қатысуымен қаралды [иә, жоқ]
18. Конвенцияларды (пактілерді) қолдану арқылы қаралды [сөздік құрамы]
19. Сипаттамаларды, айқын арифметикалық қателерді түзету туралы ұйғарым шығарылған күн [күні]
20. Шығарылған қаулыны түсіндіру туралы ұйғарым шығарылған күн [күні]
21. Қосымша шешім шығарылған күні [күні]
22. Мерзімдерді бұзумен қарастырылды [иә, жоқ]

7-бөлім. Іс жүргізудің динамикасы туралы мәлімет (жеке ұйғарымдар)

1. Шығарылған күні [күні]
2. Прокурордың атына жеке ұйғарым [сөздік құрамы]
3. Мәні [мәтін]
4. Жеке ұйғарым кімге жіберілді [мәтін]
5. Жіберілген күндері [күні]
6. Жауаптар [мәтін]

8-бөлім. Іс жүргізудің аяқталуы

1. Қаулының (шешімнің) құрылған күні [күні]
2. Істің 1-ші сатыдағы сотқа жіберілген күні [күні]

9-бөлім. 1-ші сатыдағы сотта қарау туралы ақпарат

1. Бірінші сатыдағы сот [мәтін]
2. Аймақ [сөздік құрамы]
3. Судьяның Т.А.Ә. [мәтін]
4. Шешім шығарылған күні [күні]
5. Сот актісінің түрі [сөздік құрамы]
6. Қарау нәтижесі [сөздік құрамы]

10-бөлім. Апелляциялық сатыда қарау туралы мәлімет

1. Апелляциялық сатыдағы сот [сөздік құрамы]
2. Судьяның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) [мәтін]
3. Апелляцияда қарастырылған [сөздік құрамы]
4. Шағым бойынша нәтиже [сөздік құрамы]
5. Прокурордың өтініші бойынша нәтиже [сөздік құрамы]
6. Шешімнің (қаулының, ұйғарымның) шығарылған күні [күні]
7. 1-ші сатыдағы сот шешімін қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]
8. 1-ші сатыдағы соттың ұйғарымын қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]

11-бөлім. Кассациялық сатыда қарау туралы мәлімет

1. Судьяның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) [мәтін]
2. Кассацияда қарастырылған [сөздік құрамы]
3. Шағым бойынша нәтиже [сөздік құрамы]
4. Наразылық нәтижесі [сөздік құрамы]
5. Қаулы шығарылған күні [күні]
6. 1-ші сатыдағы сот шешімін қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]
7. 1-ші сатыдағы соттың ұйғарымын қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]
8. Апелляциялық шешімді қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]
9. Апелляциялық қаулыны қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]

12-бөлім. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қарау туралы мәліметтер

1. Түсуіне байланысты қайта қаралды [сөздік құрамы]
2. Бірінші сатыдағы сот шешімін қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]
3. Апелляциялық сот шешімін қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]
4. Апелляциялық сатыдағы қаулыны қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]
5. Кассациялық қаулыны қайта қарау нәтижесі [сөздік құрамы]

6. Түсіндірме [мәтін]

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2026 жылғы 24 шілдедегі
№ 122 бұйрығына
8-қосымша

нысан

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотпен қаралған азаматтық іске 4- электрондық ақпараттық есепке алу құжаты

1-бөлім. Наразылықтың, өтініштің (істің) келіп түсуі туралы

1. Сот (соттың атауы автоматты режимде көрсетіледі)
2. Алдын ала қарау № (мәтін)
3. Алқаның іс жүргізу № (мәтін)
4. Қайта қарау бойынша іс жүргізу (мәтін)
5. Алғашқы келіп түсуі (сөздік деректемесі)
6. Қайталап (сөздік деректемесі)
7. Іс бойынша өтінішхат (наразылық) судьяда жатыр (сөздік деректемесі)
8. Жаңа ҚР АПК бойынша (сөздік деректемесі)
9. Өтінішхатты, наразылықты кім берді [сөздік деректемесі]
10. Шағымдалатын сот актілері [сөздік деректемесі]
11. Істі бөлу санаты (сөздік деректемесі)
12. Сот ісін жүргізудің тілі [сөздік деректемесі]
13. Істің күрделілігі [сөздік деректемесі]
14. Наразылықтың (өтінішхаттың) мәні (мәтін)
15. Қалдық есептік кезең басталғанға дейін іс жүргізуге қабылданды (сөздік деректемесі)
16. Өткен жылдың қалдығы [сөздік деректемесі]
17. Іс жүргізудің түрі (сөздік деректемесі)
18. Істің санаты (статистикалық есеп үшін) (сөздік деректемесі)

2-бөлім. Жауапкерге берілген талаптағы сомалар туралы мәлімет

1. Даулардың жалпы сомасы [мәтін]
2. Негізгі сома [мәтін]
3. Айыппұлдық санкциялар [мәтін]
4. Моральдық зиян [мәтін]
5. Берешек [мәтін]
6. Өсімпұл [мәтін]
7. Тұрақсыздық айыбы [мәтін]

8. Өкілдің көмегіне төлем [мәтін]
9. Түсіндірме [мәтін]

3-бөлім. Сот шешімі бойынша өндірілетін сомалар туралы мәлімет

1. Бірінші сатыдағы сот шешімі бойынша өндірілген жалпы сома [мәтін]
2. Апелляциялық сатыдағы сот шешімі бойынша өндірілген жалпы сома [мәтін]
3. Кассациялық сатыдағы сот шешімі бойынша өндірілген жалпы сома [мәтін]

4-бөлім. Іс жүргізу динамикасы туралы мәлімет (сот актілерін қайта қарау)

1. Алқаға келіп түскен күні (күні).
2. Шешімді қайта қарау негізі (сөздік деректемесі)
3. Өтінішхат бойынша істі қайта қарау кезінде наразылықтың келіп түскен күні (күні)
4. Қараусыз қайтарылған күні (күні)
5. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша наразылық немесе өтініш бойынша істі қайта қарауға (қайта қараудан бас тартуға) негіздердің болмауы туралы қаулының күні (күні)
6. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша өтініш бойынша шешімнің күшін жою туралы немесе кассациялық наразылықты қайта жаңарту туралы қаулының күні (күні)
7. Наразылықты немесе өтінішхатты кері шақырту күні (күні)
8. Наразылықты кім кері шақыртты (сөздік деректемесі)
9. Өткен жылдан қайта қарау туралы наразылықтың немесе қаулының қалдығы (сөздік деректемесі)
10. Қараусыз қалдырған күні (күні)
11. № ... іс жүргізумен біріктірілді (мәтін)
12. Түсіндірме (мәтін)
13. №... іспен біріктірілді (мәтін)

5-бөлім. Іс жүргізудің динамикасы туралы мәлімет (сот отырысы)

1. Шешім шығарылған күні (күні)
2. Прокурордың Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (мәтін)
3. Шешім мерзімі бұзылып шығарылды (мәтін)
4. Отырысының күні [күні]
5. Отырыс уақыты [уақыты]
6. Төрағалық етуші судья [мәтін]
7. Сот отырысының хатшысы [мәтін]
8. Адвокат [мәтін]
9. Сот отырысы залының (кабинетінің) № [мәтін]

10. Аудио-, бейнетіркеу [сөздік деректемесі]
11. Отырыс кейінге қалдырылды [сөздік деректемесі]
12. Түсіндірме [мәтін]

6-бөлім. Іс жүргізудің динамикасы туралы мәлімет (сот шешімі)

1. Бірінші сатыдағы сот шешіміне (ұйғарымына) қатысты сот қаулысы [сөздік деректемесі]
2. Апелляциялық сатыдағы сот шешіміне (ұйғарымына) қатысты сот қаулысы [сөздік деректемесі]
3. Алдыңғы қадағалау қарауындағы бірінші сатыдағы сот шешіміне қатысты сот қаулысы [сөздік деректемесі]
4. Алдыңғы қадағалау қарауының қаулысына қатысты сот қаулысы [сөздік деректемесі]
5. Кассациялық сатыдағы қаулысына (ұйғарымына) қатысты қаулы [сөздік деректемесі]
6. Бірінші, апелляциялық немесе кассациялық сатыдағы сот шешімі ... бастап күшін жойды (өзгертілді) (сөздік деректемесі)
7. Шағым бойынша шешім (сөздік деректемесі)
8. Наразылық бойынша шешім (сөздік деректемесі)
9. Талап қоюды қараусыз қалдыру негізі (мәтін)
10. ҚР ЖС алдыңғы қаулысын қарау нәтижесі (мәтін)
11. Өзге де қаулылар шығарылды (мәтін)
12. Қарар бөлімі (жаңа шешім) (мәтін)

7-бөлім. Іс жүргізуді аяқтау

1. Судьяның алдын ала қарау қаулысын беру күні (күні)
2. Судьяның қайта қарау бойынша қаулысын беру күні (күні)
3. Сұратылған істің кері қайтарылған күні (күні)
4. Салыстыру жүргізген алқаның маманы
5. Мұрағатқа (кеңсеге) беру күні (күні)
6. Мұрағаттағы (кеңседегі) салыстыру күні (күні)
7. Салыстыру жүргізген мұрағат маманы (мәтін)

8-бөлім. Кассациялық сатыдағы сот шығарған жеке ұйғарымдар

1. Жеке ұйғарымның шығарылған күні [күні]
2. Жеке ұйғарымның мәні [мәтін]
3. Жеке ұйғарымның жолданған күні [күні]
4. Жеке ұйғарым кімге жолданды [мәтін]

5. Жеке ұйғарым бойынша жауаптардың келіп түскен күні [күні]
6. Жауаптардың мәні [мәтін]

9-бөлім. Алдыңғы сатыдағыларда қарау

1. Іс соңғы рет қаралды (сөздік деректемесі)
2. Бірінші сатыдағы сот (сөздік деректемесі)

10-бөлім. Бірінші сатыдағы қарау

1. Бірінші сатыдағы соттың атауы (мәтін)
2. Бірінші сатыдағы соттың азаматтық ісінің № (мәтін)
3. Бірінші сатыдағы соттың іс жүргізу түрі (сөздік деректемесі)
4. Бірінші сатыдағы судьяның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (бар болған жағдайда) (мәтін)
5. Істің санаты (статистикалық есеп үшін) (сөздік деректемесі)
6. Істің санаты (судьялардың маманданымы бойынша) (сөздік деректемесі)
7. Істің санатына қосымша (мәтін)
8. Шешімнің күні (ұйғарым) (күні)
9. Бірінші сатыдағы соттың шешімі (ұйғарымы) (сөздік деректемесі)
10. Талап қоюдың мәні (мәтін)

11-бөлім. Апелляциялық сатыдағы қарау

1. Апелляциялық тәртіпте қаралды (сөздік деректемесі)
2. Қаулының күні (күні)
3. Апелляциялық сатыдағы соттағы судьялардың Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (мәтін)
4. Бірінші сатыдағы соттың шешіміне және ұйғарымына қатысты сот қаулысы (сөздік деректемесі)
5. Шағым, наразылық бойынша шешім (сөздік деректемесі)
6. Апелляциялық сатыдағы қаулының қарар бөлігі

12-бөлім. Кассациялық сатыдағы қарау

1. Қаулының күні (күні)
2. Кассациялық сатыдағы соттағы судья-баяндаушы (мәтін)
3. Бірінші сатыдағы сот шешімін (ұйғарымын) қарау нәтижесі (мәтін)
4. Апелляциялық сатыдағы сот шешіміне (ұйғарымына) қатысты сот қаулысы
5. Шағым, наразылық бойынша шешім (сөздік деректемесі)
6. Кассациялық сатыдағы қаулының қарар бөлігі (мәтін)

13-бөлім. Іс бойынша тараптар туралы мәлімет

1. Түрі [сөздік деректемесі]
2. ЖСН/БСН [мәтін]
3. Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) /Атауы [мәтін]

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2026 жылғы 24 шілдедегі
№ 122 бұйрығына
9-қосымша

Қазақстан Республикасы сот органдарының цифрлық жүйесіне электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарын енгізу және азаматтық-құқықтық саладағы сот есептерін қалыптастыру туралы нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы сот органдарының цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – СО ЦЖ) электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарын (бұдан әрі – ЭАЕҚ) енгізу және азаматтық-құқықтық салада сот есептерін қалыптастыру туралы бірінші, апелляциялық, кассациялық және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сатысындағы соттардың азаматтық істерді қарауы бойынша ЭАЕҚ енгізу мен олардың негізінде есептерді қалыптастырудың негізгі ережелерін анықтайды (бұдан әрі – есептер).

2-тарау. СО ЦЖ-не ЭАЕҚ енгізу

2. ЭАЕҚ бірыңғай нысандарын әзірлеуді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігімен (бұдан әрі – Сот әкімшілігі) келісе отырып іске асырады.

3. СО ЦЖ-ға ЭАЕҚ-ны енгізуді Сот әкімшілігі және астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалардағы оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – сот кеңселері) жүргізеді.

4. Есептерді СО ЦЖ-да ЭАЕҚ деректері негізінде Комитет, оның аумақтық және оларға теңестірілген органдары (бұдан әрі – аумақтық органдар) қалыптастырады.

5. Есепті қалыптастыру келесі нысандар негізінде жүзеге асырылады:

1) "Бірінші сатыдағы сотпен қаралған азаматтық іске 1 электрондық ақпараттық есепке алу құжаттары" (бұдан әрі – 1 ЭАЕҚ);

2) "Апелляциялық сатыдағы сотпен қаралған азаматтық іске 2 электрондық ақпараттық есепке алу құжаттары" (бұдан әрі – 2 ЭАЕҚ);

3) "Кассациялық сатыдағы сотпен қаралған азаматтық іске 3 электрондық ақпараттық есепке алу құжаттары" (бұдан әрі – 3 ЭАЕҚ);

4) "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотпен қаралған азаматтық іске 4 электрондық ақпараттық есепке алу құжаттары" (бұдан әрі – 4 ЭАЕҚ).";

6. ЭАЕҚ-да сот қараған азаматтық іс бойынша деректемелер (талап қоюлар, арыздар, шағымдар, өтінішхаттар) электрондық толтыруға жатады.

3-тарау. Бірінші сатыдағы сотпен қаралған азаматтық іске 1 ЭАЕҚ енгізу ерекшеліктері

7. 1 ЭАЕҚ деректемелері СО ЦЖ-де азаматтық істің материалдарына сәйкес толтырылады.

8. "Арыздың түсуі туралы мәлімет" 1-тарауында 2-ден 8-ге дейін, 10, 11-ші деректемелері енгізіледі. Басқа деректемелерді азаматтық істі қарау қорытындысы бойынша толтыру қажет.

9. 1-бөлімнің "Өндіріс түрі" 4-деректемесі істің санатына қарай толтырылады.

1-бөлімнің "Мәлімделген талаптың мәні" 9-деректемесінде азаматтық істің материалдарына сәйкес мәлімделген талаптың мәні қысқаша баяндалады.

1-бөлімнің "Іс санаты (статистикалық есеп үшін)" 10-деректемесі мынадай іс жүргізу түрлері бойынша толтырылады:

1) "Бұйрықтық іс жүргізу істерінің санаты" СО ЦЖ нормативтік-анықтамалық ақпаратына (бұдан әрі – СО ЦЖ НАА) сәйкес бұйрықтық іс жүргізу бойынша жүзеге асырылады. Есептер жолдарындағы бұйрықтық іс жүргізу істерінің санаты Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР АПК) 135-бабының талаптарына сәйкес айқындалады;

2) "Талап қою ісінің санаты" СО ЦЖ НАА-на сәйкес талап қою ісін жүргізу бойынша жүзеге асырылады. Есеп жолдарындағы талап қою ісін жүргізу істерінің санаты талап қою талаптарына сәйкес айқындалады.

Есептің "Жалақы төлеу туралы" жолында еңбекақыны, жәрдемақыларды, сыйлықақыларды, қайта өңдегені үшін ақшалай қаражатты төлемеу немесе тиісінше төлемеу, моральдық зиянды төлеу (жұмыста қалпына келтіруге байланысты емес) бойынша материалдық сипаттағы талап қоюлап көрсетіледі.

Есептің "Шартты жасасуға, өзгертуге, бұзуға және шарттық міндеттемелерді орындауға байланысты даулар" деген жолда шарттық құқықтық қатынастар саласындағы даулар туралы талап арыздар (істер) көрсетіледі.

Тараптардың бірі заңды тұлғалар не кәсіпкерлер болып табылатын шарттық құқықтық қатынастарға байланысты істер есептің "Заңды тұлғалар, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар арасындағы даулар" жолында, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілері нысанындағы заңды тұлғалар және мемлекеттік ұйымдардың қатысуымен (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 105-бабы (бұдан әрі – ҚР АК) квазимемлекеттік сектордың қатысуымен және Мемлекеттік мекемелердің қатысуымен есептің жолдарында көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың талап қоюлары бойынша 1-бөлімнің "Талап қою берген" 8-деректемесінде "Мемлекеттік орган" түйінді мәні көрсетіледі, талап қою мемлекеттік органға берілген жағдайда "Іс санатына толықтыру" деректемесінде "Мемлекеттік органға" түйінді мәнін таңдау керек.

Прокуратура органдарының заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеу туралы талап қою жағдайда, есептің 126-жолында "Прокуратура органдары" тиісті түйінді мәнді таңдайды.

Бірнеше талап қою талаптары қосылған талап қою кезінде оларды есеп жолында негізгі талап бойынша ескеру қажет.

Талап қою талаптарын "Негізгі" санатына жатқызу туралы мәселені іс жүргізуінде Біріккен істер тұрған судья шешеді;

3) егер іс жүргізу түрі ерекше талап қою ісін жүргізуге жататын болса, онда 1-бөлімнің "Іс санаты (статистикалық есеп үшін)" 10-деректемесі "Ерекше талап қою ісін жүргізу ісінің санаты" СО ЦЖ НАА-на сәйкес айқындалады. Есеп жолдарындағы ерекше талап қою ісінің санаты ҚР АПК-нің 30-1-тарауының талаптарына сәйкес айқындалады.

10. Судья істі соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы ұйғарым шығарғанға дейін істің санатын өтінішті қабылдаған сот кеңсесінің қызметкері алдын ала айқындайды.

Судья істі соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы ұйғарым шығарғаннан кейін соттар кеңсесінің қызметкері судья ұйғарымының жоғарғы оң жақ бұрышында көрсетілген істің санатын салыстырып тексеруді жүргізеді және судьямен келісу бойынша алшақтық болған жағдайда, СО ЦЖ-да өзгеріс енгізеді.

Егер істің (өтініштің) материалдарында шетелдік тұлғалардың, кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуы туралы мәліметтер, мүгедектігі бар адамдардан, әйелдерден, кәмелетке толмағандардың мүддесі үшін келіп түскен талап қою талаптар туралы мәліметтер көрсетілсе, онда 1-бөлімнің "Іс санатына қосымша (статистикалық есептер үшін)" 11-деректемесінде тиісті код мәндері көрсетіледі.

11. Азаматтың іс материалдарына сәйкес "Жауапкерге қойылатын талаптарда мәлімделген сомалар туралы мәліметтер" деген 2-бөлімде талап қою талаптарының сомалары туралы мәліметтер (теңгемен) көрсетіледі.

2-10 деректемелерде көрсетілген жалпы сома 2-бөлімнің "Даулардың жалпы сомасы " 1-деректемесінде көрсетілуге тиіс.

ҚР АПК-нің 104-бабына сәйкес талап қоюдың бағасы айқындалады және 2-бөлімнің 2-деректемесіндегі тиісті сома толтырылады.

Деректемелерде 3, 5, 6, 7, 9, 10 2-бөлімде ҚР АК-нің 9 және 293-баптарында көзделген залалдардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдар мен өсімпұлдардың) тиісті сомалары көрсетіледі.

12. "Сот шығындары мен мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы мәліметтер" 3-бөлімінде азаматтың іс материалдарына сәйкес сот шығыстары туралы мәліметтер (теңгемен) көрсетіледі.

ҚР АПК-нің 109-бабына сәйкес сот іс бойынша шеккен барлық сот шығыстарын береді және сот актісінде мемлекеттік баж төлеуге жататын сома және төленген мемлекеттік баж сомасы көрсетіледі.

Егер сот өтініш берушінің мемлекеттік бажды артық төлегенін анықтаса, онда Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 120-бабының талаптарына сәйкес сот сот актісінде сотқа талап қою кезінде талап қоюшы артық төлеген ретінде қайтарылуға жататын мемлекеттік баждың сомасын көрсетеді.

Егер прокурор сотқа талап қоюмен жүгінген болса, онда ҚР АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар және талапкер төлеуден толық босатылған мемлекеттік баж сот шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден талап қоюдың толық немесе қанағаттандырылған бөлігіне барабар өндіріп алынады. Демек, төлемсіз қабылданған мемлекеттік баж сомасы "Төлемсіз қабылданған мемлекеттік баж сомасы" 9, "Прокурордың талап қоюлары бойынша төлемсіз қабылданды" 10 деректемелерінде және 3-бөлімнің "Мемлекет мүддесі үшін прокурордың талап қоюлары бойынша төлемсіз қабылданды" 11-деректеме мемлекет мүддесі үшін толтырылған жағдайда көрсетіледі.

ҚР АПК-нің 117-бабының үшінші бөлігіне және Салық кодексінің 668-бабына сәйкес мемлекеттік баж төлеуден босатылған тараптардың талап қою талаптарын қанағаттандырудан бас тартқан кезде іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар республикалық бюджеттің шотына жатқызылады.

3-бөлімнің 1, 6 және 10-деректемелерінде Салық кодексінің 665-бабына сәйкес мемлекеттік баж сомалары көрсетіледі.

13. "Сот шешімі бойынша өндіріп алуға жататын сомалар туралы мәлімет" 6-тарауының деректемелерінде азаматтың іс материалдарына сәйкес, сот шешімі бойынша өндірілуге жататын сомалар (теңгеде) туралы мәлімет көрсетіледі.

ҚР АК-нің 923-бабының бірінші бөлігіне сәйкес 6-тараудың 3-деректемесі азаптаумен байланысты азаматтық істер бойынша толтырылады.

14. 6-тараудың "Қылмыстық іс бойынша (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 4-бөлімі) ақтау кезінде залалды өтеу туралы талап қоюлар бойынша өндіріп алынған сома" 4-деректемесі тек, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің және екінші бөлігінің 1), 2) , 5), 6), 7), 8) тармақтары бойынша тоқтатылған қылмыстық істер бойынша залалды өтеу туралы талаптармен байланысты азаматтық істер бойынша толтырылады.

15. 6-тараудың "Азаматтық құқықтарды бұзумен байланысты залалды өтеу туралы талап қоюлар бойынша өндіріп алынған сома" 5-деректемесі азаматтық құқықтарды бұзу туралы талаптармен байланысты азаматтық істер бойынша толтырылады.

16. 6-тараудың "Сотта ақталған адамдардың пайдасына өндірілген сома" 6-деректемесі сотта ақталған адамдардың пайдасына өндіріп алынған сома туралы талаптармен байланысты азаматтық істер бойынша толтырылады.

17. 6-тараудың "Жұмыстан заңсыз шығаруға байланысты залалды өтеуге лауазымды тұлғалардан берілген сома" 8-деректемесі жұмысқа қайта алу туралы талап қоюмен байланысты азаматтық істер бойынша толтырылады.

18. 7-бөлім "Тараптар" азаматтық іске қатысушылардың деректерін көрсетеді (ЖСН , БСН).

19. 8-тарауда "Іс жүргізудің динамикасы туралы мәлімет (танысу)" іс өндірісінің динамикасы туралы мәлімет көрсетіледі.

20. 8-бөлімнің 1-ден 15-ке дейінгі деректемелері талап қою арызы келіп түскен күннен бастап толтырылады.

Судья талап қоюды қабылдаудан бас тартқан жағдайда міндетті 7, 9-деректемелері толтырылады; талап қоюдың ҚР АПК-нің 149-бабының және 151-бабының бірінші бөлігі 1) – 4) тармақшаларының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда талап қоюды қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарым шығарады; судья талап қоюды қайтарған жағдайда міндетті 8, 9-деректемелері толтырылады.

ҚР АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес іс осы соттың соттылығына жатпаса, судья талап қоюды қайтарады. 8-бөлімнің 10,11-деректемелерінде соттың атауы және арыздың соттылығы бойынша жіберілген күні көрсетіледі.

Судья ҚР АПК-нің 463-бабына сәйкес жаңадан ашылған мән жайлар бойынша арызды қанағаттандыру туралы ұйғарым шығарған және шешімнің, ұйғарымның күшін жойған жағдайда, 1-бөлімнің "Келіп түсу тәртібі" 7-деректемесінде "жаңадан ашылған мән жайлар бойынша шешімді жойғаннан кейін" негізгі мәні көрсетіледі, ал 8-бөлімнің 12-деректемесінде шешімнің (ұйғарымның) күшін жою туралы ұйғарым шығарылған және жаңадан ашылған мән жайлар бойынша алғашқы сот актілерінің күшін жоюмен байланысты істер бойынша іс жүргізулердің жаңартылған күні көрсетіледі.

Азаматтық істі біріккен іс жүргізулер қатарынан негізгі іске (негізгі істің нөмірін сақтай отырып) жатқызу туралы мәселе іс жүргізуінде істер жатқан судьяның ұйғарымымен шешіледі.

Бір іс жүргізуде сол бір жауапкерге әртүрлі талап қою арыздары бойынша азаматтық істер не бір талап қоюшының әртүрлі жауапкерлерге талап қою арыздары бойынша, сол бір тараптар қатысатын біртекті істер бойынша істер біріктіріледі.

Бірнеше азаматтық істер бір іс жүргізуге біріктірілген жағдайда, қарау нәтижесі (сот актілері) 1 ЭАЕҚ-да негізгі азаматтық іс бойынша ғана көрсетілуі тиіс.

21. Істердің барлық санаттары есептің жолдық көрсеткіштерінде есепке алынады.

Егер талап қою іс жүргізуіне жататын іс санаты бойынша келіп түссе, бірақ ол бойынша негізгі мән болмаса, онда мұндай істердің санатын өзге талап қою істеріне

жатқызу қажет, ол туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына (бұдан әрі – ҚР ЖС) осы санатты Комитетпен келісу бойынша есепке қосу туралы хабарлау қажет. Осындай істерді қарау нәтижелері нақты бір істердің санаттары бойынша ғана көрсетіледі.

Экономикалық, технологиялық, киберқауіпсіздікке байланысты (есептің 73-жолы) заңды тұлғалардың, кәсіпкерлік қызметті іске асыратын азаматтардың арасындағы даулар бойынша (есептің 69-жолы) қажеттілігіне қарай көрсетілген санаттағы істердің анықтамалығынан негізгі мәндер шарттармен бір уақытта толтырылуы мүмкін (есептің 69,73-жолдарының көрсеткіштері).

Сот талапкердің арызы бойынша талап қоюды қайтару туралы ұйғарым шығарған жағдайда (ҚР АПК-нің 165-бабының 14) тармақшасы), 1 "Сот актісінің түрі, ұйғарым", 2 "Қарау нәтижесі: талап қою қайтарылды", 7 "Сот актісінің шығарылған күні" деген 12 -бөлімнің деректемелері толтырылады.

22. 9-тарауда іс жүргізуді тоқтата тұру динамикасы жөніндегі мәлімет көрсетіледі.

ҚР АПК-нің 272, 273-бабының талаптарына сәйкес сот 1-деректемеде ұйғарымның шығарылу күнін көрсете отырып, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

9-бөлімнің 3-деректемеде іс бойынша тоқтатылу негіздері көрсетіледі.

9-бөлімнің 2-деректемеде іс жүргізуді жаңғырту туралы ұйғарымның шығарылған күні көрсетіледі (ҚР АПК-нің 276-бабы).

23. 10-бөлімде іс жүргізудің серпіні туралы мәліметтер көрсетіледі (Сот отырысы).

10-тараудың 4-тен 7-ге дейінгі деректемелерінде төрағалық етуші судьяның, сот отырысы хатшысының, прокурордың, қорғаушының, талапкердің (өкілінің) тегі және аты-жөнінің бас әріптері толығымен көрсетіледі.

24. Міндетті санаттағы істер бойынша прокурордың қатысуы туралы 10-тараудың 7 -деректемесі міндетті енгізуге жатады (ҚР АПК-нің 54-бабы).

25. ҚР АПК-нің 189-бабы бірінші бөлігіне сәйкес 10-тараудың 9 деректемесінде соттың аудионы-, бейнетіркеуді пайдалануы туралы мәлімет көрсетіледі.

12-тараудың "Сот актісінің түрі" 1-деректемесінде талап қою, ерекше талап қою және ерекше іс жүргізу істері бойынша "шешім (ұйғарым)" сот актісі көрсетіледі. 2-деректемеде сот актілерін қарау нәтижелері көрсетіледі.

26. 11-бөлімде судьяларға шағымдану туралы ақпарат, 1-ден 6-ға дейінгі деректемелерінде бар.

27. 12-бөлімде "Іс жүргізу серпіні туралы мәлімет (Сот шешімі)" істі қарау нәтижелері туралы ақпаратты көрсетеді.

12-тараудың "Сот актісінің түрі" 1-деректемесінде талап қою, ерекше талап қою және ерекше іс жүргізу істері бойынша "шешім (ұйғарым)" сот актісі көрсетіледі. 2-деректемеде сот актілерін қарау нәтижелері көрсетіледі.

11-деректемеде азаматтың іс материалдарына сәйкес сот актісінің нәтижелі бөлігі көрсетіледі.

28. 13-бөлікте жеке ұйғарымдар бойынша іс жүргізудің динамикасы туралы мәлімет көрсетіледі.

Бұл ретте, 13-тараудың 1-ден 7-ге дейінгі деректемелерінде жеке ұйғарымның шығару күні, ұйғарымның фабуласы, адресаты, жеке ұйғарымды жолдау күні, сонымен қатар жеке ұйғарымдарға жауаптардың келіп түскен күні көрсетіледі.

Егер жеке ұйғарым прокурордың атына шығарылса, онда 2-деректемеде "Иә" мәні көрсетіледі.

29. 14-бөлімде "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Заңының 27-бабының талаптарына сәйкес активтерді қайтару туралы мәліметтер көрсетіледі.

30. 1 ЭАЕҚ-ның басқа деректемелері азаматтық істің материалдарына сәйкес толтырылады.

4-тарау. Апелляциялық сатыдағы сотпен қаралған азаматтық іске 2 ЭАЕҚ енгізу ерекшеліктері

31. 2 ЭАЕҚ деректемелері СО ЦЖ-де азаматтық істің материалдарына сәйкес толтырылады.

32. 2 ЭАЕҚ-ның 1-тарауында 1-9-деректемелер міндетті түрде енгізіледі.

1-тараудың "Келіп түсу тәртібі" 5-деректемесі 2 ЭАЕҚ-ның сөздік деректемелерінің мәндеріне сәйкес толтырылады.

33. 5-тарауда "Тараптар" барлық деректемелер міндетті толтырылуға жатады.

34. Апелляциялық шағым (өтінішхат) кері қайтарылған жағдайда тиісінше 6-тараудың 5 және 6-деректемелері белгіленеді.

Жеке шағым (өтінішхат) кері қайтарылған жағдайда 6-тараудың 7 және 8-деректемелері белгіленеді.

13-деректемеде қаулының күшін жою және жаңадан ашылған мән жайлар бойынша іс жүргізуді қайта жаңарту туралы ұйғарымның шығарылған күні көрсетіледі.

35. 8-тарауда іс жүргізудің (сот қаулысының) динамикасы туралы мәлімет көрсетіледі.

8-тарауының 1-деректемесінде қаулының шыққан күні міндетті түрде көрсетілуге жатады. Сот шешімін (ұйғарымын) қарау нәтижесі 2 және 3-деректемелерде көрсетіледі.

36. 7-тарауының 3-7-деректемелерінде төрағалық етуші судьяның, прокурордың, қорғаушының, сот отырысы хатшысының аты-жөндерінің бірінші әріптері көрсетіледі.

Сот отырысында аудио-, бейнетіркеу құралдары қолданылған жағдайда, тиісінше 9-шы "Аудио-, бейнетіркеу пайдалану арқылы сот отырысы" туралы мәлімет белгіленеді.

37. ҚР АПК-нің 427-бабына сәйкес материалдық немесе процестік құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жоюға немесе өзгертуге негіз болып табылады. Бұл ретте, 11-деректемеде "Сот шешімінің күшін жоюға немесе өзгертуге негіз" СО ЦЖ-нің мәні көрсетіледі.

ҚР АПК-нің 409-бабының екінші тармағына, 410-бабының екінші тармағына, 428-бабына сәйкес сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады. Бұл ретте, 8-тараудың 9-деректемесінде "Иә" нышандық мәні көрсетіледі.

ҚР АПК-нің 279-бабы 8)-тармақшасының талаптарына сәйкес талап қоюшы талап қоюды қайтарып алу туралы арыз бере алады, онда 8-бөлімнің 2 және 3-деректемелері толтырылуға жатады.

5-8-деректемелерде апелляциялық (жеке) шағым және апелляциялық (жеке) өтінішхат бойынша шешімдер туралы мәлімет көрсетіледі.

13-деректемеде апелляциялық сатыдағы сот актісінің қарар бөлімін көрсету қажет.

38. 9-тарауда жеке ұйғарымдар бойынша іс жүргізудің динамикасы туралы мәлімет көрсетіледі.

ҚР АПК-нің 430-бабына сәйкес апелляциялық сатыдағы сот ҚР АПК-нің 270-бабымен белгіленген жағдайда, сонымен қатар істі қарау кезінде сот тарапынан заңдылықтың бұзылуы анықталған жағдайда жеке ұйғарым шығара алады. Бұл жағдайда 7-тарауының деректемелерінде шығару күні, мәні, жеке ұйғарымды жолдау күні, кімге жолданғаны, бұдан басқа жеке ұйғарымға жауаптың келіп түскен күні көрсетіледі.

5-тарау. Кассациялық сатыдағы сотпен қаралған азаматтық іске 3 ЭАЕҚ енгізу ерекшеліктері

39. 3 ЭАЕҚ іске қатысатын тұлғалардың мүдделерін сот актілері қозғайтын басқа тұлғалардың және олардың өкілдерінің кассациялық шағымдары бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарларының, прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау ведомствосы бірінші басшысының Бас әскери прокурордың, Бас көлік прокурорының наразылығы бойынша кассациялық сатыдағы сотқа келіп түскен азаматтық іске жасалады (ҚР АПК-нің 434-бабы).

40. 1-бөлімде істің нөмірі, іс жүргізу түрі, шағымданатын сот актілері, келіп түсу тәртібі, іс санаты, іс санатына толықтыру, сот ісін жүргізу тілі, істің құпиялылығы және сот процесінің жабықтығы туралы мәліметтер қамтылады.

41. 2-бөлімде сот шығындары мен мемлекеттік алымдарды жинау туралы ақпарат бар.

42. 3-бөлімінде Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), ЖСН\БСН көрсетілген іс бойынша тараптар көрсетіледі.

43. 4-бөлімінде соттың шағымымен\наразылықпен танысу нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі. 1, 9, 11-деректемелерде судьяға шағыммен\наразылық берілген күні, істі талап ету күні, істің келіп түскен күні көрсетілуге тиіс.

Шағым\наразылық бойынша іс жүргізуді тоқтату күндері туралы, қараусыз қайтару туралы мәліметтер 3,4-деректемелерде көрсетіледі. 5-деректемеде қайтару себебі көрсетіледі.

44. 5-бөлімінде сот отырыстары туралы мәліметтер көрсетіледі. 1-деректемеде сот отырысының күні көрсетіледі. Сот кейінге қалдырған жағдайда отырыстар 5-деректемеде толтырылады.

45. 6-бөлімінде істі қарау туралы мәліметтерді қамтиды. 6-бөлімнің 1-деректемесінде қаулының жарияланған күні көрсетіледі. 2-ден 11-ге дейінгі деректемелері қайта қарау нәтижелеріне байланысты толтыруға жатады. 16-деректемеде қажет сот актісінің қарар бөлігін көрсету.

Прокурордың қатысуы 6-бөлімнің 17-деректемесінде "ия\жоқ" символдық түрде көрсетіледі.

46. 7-бөлімінде өндіріс динамикасы туралы мәліметтер жеке ұйғарымдар көрсетіледі. 7-бөлімнің 1-ден 6-ға дейінгі деректемелерде жеке ұйғарымның шығарылған күні және адресаты көрсетіледі, сондай-ақ жеке ұйғарымға жауаптың түскен күні көрсетіледі.

47. 8-бөлімінде қаулының жасалған күні мен бірінші сатыдағы сотына жіберілген күнін көрсетеді.

48. 9-дан 11-ге дейінгі бөлімдерінде бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыдағы істі қарау туралы ақпаратты көрсетеді.

6-тарау. ҚР ЖС-мен қаралған азаматтық іске 4 ЭАЕҚ енгізу ерекшеліктері

49. 4 ЭАЕҚ ҚР АПК-нің 454-1-бабы тәртібімен ҚР ЖС-ға келіп түскен азаматтық іске жасалады.

454-1-бапқа сәйкес ҚР ЖС ерекше жағдайларда заңды күшіне енген сот актілерін олар кассациялық сатыда қаралғаннан кейін ҚР ЖС судьясының ұсынуы бойынша немесе Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша қайта қарауы мүмкін.

50. 1-бөлімде наразылықтың, өтінішхаттың (істің), ұсынымдардың келіп түскені туралы мәліметтер бар, онда деректемелер толтырылуға жатады: алқадағы іс жүргізу нөмірі, алғашқы келіп түсуі, өтінішхат (наразылық) кім берген, шағымданатын сот актілері, сот ісін жүргізу тілі, істің санаты, өткен жылғы өтінішхаттың қалдығы.

51. 4-бөлімде алқаға келіп түскен күні (1-деректеме), шешімді қайта қарауға негіз (2 -деректеме) көрсетілетін іс жүргізу динамикасы (сот актілерін қайта қарау) туралы мәліметтер қамтылады.

Өтінішхат бойынша істі қайта қарау кезінде наразылық түскен жағдайда (3-деректеме), істі қараусыз қайтару (4-деректеме), наразылық немесе жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша өтініш бойынша істі қайта қарауға (қайта қараудан бас тартуға) негіздердің жоқтығы туралы қаулы шығару (5-деректеме), қаулының күшін жою және кассациялық іс жүргізуді қайта бастау туралы ұйғарым бойынша жаңадан ашылған мән-жайларға (6-деректеме), наразылықты немесе өтінішхатты кері қайтарып алуға (7-деректеме), қараусыз қалдыруға (10-деректеме) олардың күні көрсетіледі.

Егер қайта қарау сатысында ҚР АПК-нің 446-бабына сәйкес наразылық немесе өтінішхат кері қайтарылып алынса, онда 7 "наразылықты немесе өтінішхатты кері қайтарып алу күні" және 8 "наразылықты кім кері қайтарып алды" деген деректемелер толтырылады.

52. 5-бөлімде сот отырысының нәтижелері туралы мәліметтер толтырылады, онда шешімнің шығарылған күні, төрағалық етуші судьяның, баяндамашы судьясының, судьялардың, прокурордың, сот отырысы хатшысының тегі мен аты-жөні көрсетіледі.

53. 4 ЭАЕҚ қалған деректемелері азаматтық іс материалдарына сәйкес толтырылады.

7-тарау. Есептерді қалыптастыру

54. Есептер Комитет және оның аумақтық органдары Комитеттің цифрлық жүйесінде (бұдан әрі – Комитеттің ЦЖ) ЦЖ-да көрсеткіштерін есептеу алгоритміне сәйкес ЭАЕҚ-тен СО ЦЖ деректері негізінде қалыптастырылады.

55. Есептер тоқсан сайын өсіп келе жатқан нәтижемен қалыптастырылады.

56. Комитеттің аумақтық органдары есептер бойынша статистикалық деректерді (бұдан әрі – статистикалық кесім) Астана қаласының уақыты бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 6 (алтыншы) күні сағат 15:00-де расталады.

Комитет ел бойынша жиынтық есептерді есептік кезеңнен кейінгі айдың 8 (сегізінші) күні Комитет төрағасына қол қою үшін ұсынылады.

Жиынтық есептерге қол қойылғаннан кейін, бірақ есептік кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей Сот әкімшілігіне жолданады.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және Астана бойынша жиынтық есептерге Комитеттің аумақтық органдарының бастықтары (Комитет статистикалық бөлімді бекіткеннен кейін) қол қояды, олар жергілікті жерлерде олардың сақталуын қамтамасыз етеді (Комитетке жіберілмей).

8-тарау. "Бірінші сатыдағы соттардың азаматтық істерді қарауы жөніндегі есеп" № 2 нысанды есеп

57. №2 нысандағы есеп азаматтық істерді қарау жөніндегі бірінші сатыдағы соттың қызметін көрсетеді және 1 ЭАЕҚ деректері негізінде қалыптастырылады.

58. А кестесінде азаматтық істерді қараудың қозғалыстары мен нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі.

59. 40-бағанда ҚР АПК-нің 54-бабына (прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы), ҚР АПК-нің 37-тарауына (кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына немесе білім беру ұйымдарына жіберу туралы істер бойынша) сәйкес азаматтық сот ісін жүргізуге прокурордың қатысуымен қаралған істер ескеріледі "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 76-бабы (ата-ана құқықтарынан айырылған кезде).

37-ден 54-ке дейінгі бағандардың көрсеткіштері есепті кезеңде аяқталған істер қатарынан туындайды.

33-бағанның "Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты істер бойынша" көрсеткіштері есепті кезеңде неке-отбасы қатынастарынан туындайтын даулар бойынша аяқталған істер қатарынан туындайды.

60. № 2 нысандағы есептің А кестесінің жолдарында ҚР АПК-не сәйкес істердің мынадай санаттары көзделген: бұйрық, талап қою, ерекше талап қою және ерекше іс жүргізу, сондай-ақ жоғалған сот немесе атқарушылық іс жүргізуді қалпына келтіру бойынша, баланы қайтару туралы немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарты негізінде балаға қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы өтініштерді қарау бойынша, төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтініш бойынша. Бұл санаттар А, Б, В кестелері үшін "Апелляциялық сатыда азаматтық істерді қарау жөніндегі есеп" № 7 (бұдан әрі – № 7 нысанды есеп), "Кассациялық сатыда азаматтық істерді қарау жөніндегі есеп" № 7-К (бұдан әрі – № 7-К нысанды есеп) және "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының азаматтық істерді қарау жөніндегі есеп" № 7-ЖС (бұдан әрі – № 7-ЖС нысанды есеп) нысандарының есептері үшін біркелкі болып табылады.

61. №2 нысанды есептің Б кестесінде мемлекеттік баж туралы мәліметтер көрсетіледі.

Мемлекеттік баж сомасы есептік кезеңде тек заңды күшіне енген сот шешімі бойынша ұлттық валютада (мың теңгемен) есепке алынады.

62. №2 нысанды есептің В кестесінде соттылықты белгілеу туралы мәселені қарау бойынша соттардың жұмысы көрсетіледі. В кестесін апелляциялық саты қалыптастырады.

63. №2 нысанды есептің Г кестесінде жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау жөніндегі арыздарды қарау туралы мәліметтер көрсетіледі.

64. №2 нысанды есептің Д кестесінде активтерді қайтару туралы мәліметтер көрсетіледі.

9-тарау. № 7 нысанды есеп

65. № 7 нысандағы есеп апелляциялық сатыдағы соттардың азаматтық істерді қарау жөніндегі жұмысы туралы мәліметтерді көрсетеді және 2 ЭАЕҚ деректері негізінде қалыптастырылады.

66. А кестесінде апелляциялық шағымдар, өтініштер бойынша қарау үшін келіп түскен істер туралы деректер көрсетіледі.

9, 10, 11-бағандарда (1, 5-бағандардан) шағым мен өтінішхат бойынша бір мезгілде келіп түскен істер көрсетіледі, олар бойынша шағым немесе өтінішхат кері қайтарылып алынды және тиісінше апелляциялық сатыдағы азаматтық істің қозғалысы өтінішхат немесе шағым бойынша жүзеге асырылады, егер шағым кері қайтарылып алынса, істі қарау өтінішхат бойынша,егер өтінішхат кері қайтарылып алынса, істі қарау шағым бойынша көрсетіледі.

67. 34-бағанда ҚР АПК-нің 415-бабында белгіленген мерзімде аяқталған істер ескеріледі. Іс жүргізу ұзақтығы іс апелляциялық сатыдағы сотқа келіп түскен күннен бастап қаулы шығарылған күнге дейін есептеледі.

68. Б кестесінде апелляциялық шағымдар, өтініштер бойынша істерді қарау нәтижелері туралы деректер көрсетіледі.

69. Шағым мен өтінішхат бойынша іс бір мезгілде келіп түскен жағдайда және өтінішхатты кері қайтарып алу арқылы осы кестеде шағым бойынша істерді қарау нәтижелері көрсетіледі. Сол сияқты, шағым қайтарып алынған жағдайда – істі қарау нәтижелері өтінішхат бойынша көрсетіледі. Пікір 5, 6 және 7-бағандарда көрсетілмейді.

Сол сияқты және В кестесі бойынша.

70. Бір мезгілде шағым мен өтінішхат келіп түскен және олардың біреуін кері қайтарып алған жағдайда 5, 6 және 7-бағандарда көрсетілмейді, тек қарау нәтижесі көрсетіледі.

71. № 7 нысандағы есептің Г кестесінде жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау жөніндегі өтініштерді қарау туралы мәліметтер көрсетіледі.

10-тарау. № 7-К нысанды есеп

72. №7-К нысанды есеп алты кестеден тұрады. А кестесінде – шағымдардың, наразылықтардың қозғалысы көрсетіледі, Б кестесінде – бірінші сатыдағы сот шешімдері шығарылған азаматтық істерді қайта қарау нәтижелері туралы мәліметтер, В кестесінде бірінші сатыдағы соттар ұйғарымдар шығарған азаматтық істерді қайта қарау нәтижелері туралы, Г кестесінде – мемлекеттік баж туралы, Д кестесінде – мемлекеттік баж бойынша өтініштерді қарау туралы сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау, Е кестесінде – соттылықты анықтау туралы мәселені қарау нәтижелері.

11-тарау. № 7-ЖС нысанды есеп

73. №7-ЖС нысанындағы есеп ҚР ЖС-ның судьясының ұсынуы немесе Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша кассациялық сатыда қаралғаннан кейін заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау жөніндегі ҚР ЖС азаматтық істер жөніндегі алқасының жұмысын көрсетеді (ҚР АПК-нің 54-1-тарауы) және ЭАЕҚ 4 негізінде қалыптастырылады.

74. Есеп үш кестеден тұрады. А кестесінде – өтініштердің қозғалысы, Б кестесінде – сот актілерін қайта қарау нәтижелері, В кестесінде – наразылықтармен істердің қозғалысы көрсетіледі.

12-тарау. Түзетулер енгізу

75. СО ЦЖ-да енгізілген ЭАЕҚ-тың деректемелерін түзету Сот әкімшілігінің, соттар кеңсесінің бастамасы бойынша, Комитеттің және оның аумақтық органдарының хаты бойынша жүргізіледі.

76. Сот органы жүргізілген түзету туралы (арыздың (азаматтық істің, материалдың) нөмірін, өзгертілетін деректеменің атауын, бұрынғы және жаңа көрсеткішті көрсете отырып) мәліметтерді түзету жүргізілген күннен бастап дереу жазбаша түрде Комитетке немесе оның аумақтық органына ұсынады, солардың негізінде Комитеттің бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе Комитеттің ЦЖ-да тексеру жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК